

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 тамыздағы N 781 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1185 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1185 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 12, 129-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану ережесінде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік астық ресурстарына астықты мемлекеттік сатып алу, сондай-ақ мемлекеттік астық ресурстарын сақтау және орнын ауыстыру жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды агент Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына, "Астық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына, осы Ережеге, уәкілетті органмен жасалған шартқа сәйкес жүзеге асырады.

Агент ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ақша қаражатын астықты жеткізгеннен кейін немесе олар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді бергеннен кейін аударады.";

10 - тармақта :

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік жемдік астық ресурстарын сатудан түскен, берілген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі талап ету құқықтарын

іске асырудан, сондай-ақ мемлекеттік жемдік астық ресурстарын пайдаланудан түскен уақытша бос ақшаны депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырудан алынған қаражатқа астық сатып алу.";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік жемдік астық ресурстары техникалық регламенттер мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына жауап беретін жемдік астықтан құралуы тиіс.";

12-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жемдік несие Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуі тапсырылған кезде беріледі.";

13 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "комиссияға" деген сөз "агентке" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуін беру дайындығын растайтын құжат";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мемлекеттік жемдік астық ресурстарын сату уәкілетті органмен келісім бойынша алдын ала төлеу шартымен не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуі тапсырылған кезде жүзеге асырылады.";

17-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мемлекеттік тұқым ресурстарын сатудан түскен және мемлекеттік тұқым ресурстарын пайдаланудан түскен уақытша бос ақшаны депозиттерге және мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырудан алынған қаражатқа аттестаттаудан өткен өндірушілерден тұқым сатып алу;";

20 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "агентпен келісілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген кепілдігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

е к і н ш і а б з а ц т а ғ ы :

"комиссияға" деген сөз "агентке" деген сөзбен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің кепілдік беруге дайындығы туралы ниет-хатын" деген сөздер "міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді беру дайындығын растайтын құжатты" деген сөздермен ауыстырылсын;

22-тармақтағы "агентпен келісілген нысан бойынша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің кепілдігі болған кезде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуін беру кезінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын қалыптастыруды және жаңартуды уәкілетті орган агент арқылы мемлекеттік астық ресурстарының басқа түрлерінен астық ауыстыру не республикалық бюджет қаражаты есебінен астық сатып алу жолымен жүзеге асырады. Бұл ретте көрсетілген қаражат мемлекеттік сатылатын астық ресурстарын пайдаланудан түскен ақша есебінен республикалық бюджетке қайтарылуы тиіс.

Мемлекеттік сатылатын астық ресурстары техникалық регламенттер мен стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына жауап беретін азық-түліктік астықтан құралады";

35-тармақтың екінші, үшінші және төртінші абзацтары алынып тасталсын.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>		<i>К. Мәсімов</i>
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 0 8	ж ы л ғ ы	2 8
№	7 8 1	қ а у л ы с ы н а
қосымша		т а м ы з д а ғ ы

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлерін мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., N 15, 195-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 және 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 қаулыларына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 мамырдағы N 522 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., N 21, 271-құжат).

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қыркүйектегі N 989 кпү қаулысының 1-тармағының 2)-тармақшасы.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 наурыздағы N 371 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 наурыздағы N 261 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 13, 143-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК